- деформация или оплавление деталей и узлов изделия;
- одновременный выход из строя ротора и статора двигателя;
- потемнение или обугливание изоляции проводов.

Обращаем Ваше внимание, что доставка изделия в сервисный центр и из него осуществляется конечным потребителем (владельцем) или за его счет.

Техническое освидетельствование изделия на предмет установления гарантийного случая производится только в авторизованном сервисном центре.

**Срок службы изделия составляет 3 года.**

**ВНИМАНИЕ!** При покупке изделия требуйте проверки комплектности и исправности, а также правильного заполнения гарантийного талона.

Список сервисных центров можно узнать на сайте [stavp.pф](http://stavp.pф), [www.stavr-tools.ru](http://www.stavr-tools.ru) или у продавца.

### 13 ПРОЧАЯ ИНФОРМАЦИЯ

**Импортер:** ООО «МЕГАПОЛИС».

**Адрес:** 432048, Российская Федерация, Ульяновская область, г.о. город Ульяновск, г. Ульяновск, ул. Локомотивная, зд.14А.

**Телефон:** +78422324242

**Адрес электронной почты:**

mail@simbirsk-crown.ru

**Изготовитель:** Чжэцзян Гуангтуо  
Импорт Энд Экспорт Ко., Лтд.

**Адрес:** Рум 1202, Ронгтонг Бизнес  
Центре, Джиаксинг, Чжэцзян, Китай.  
Сделано в КНР.

**Дата изготовления указана на серийном номере. В соответствии со стандартом изготовителя серийный номер содержит: номер заказа / месяц и год изготовления / порядковый номер изделия.**

## 1 ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР

МОЭ-1200 электр ұрғыш балғасы тұрмыстық мұқтаждықтар аясында бетоннан, кірпіштен, тастан жасалған құрылымдарды бұзуға, асфальтты, бетонды, тақталы жабындарды, тығыздалған топырақты ұңғылауға және басқа да құрылыс жұмыстарына арналған. Сіздің назарыңызды аталған құралдың кәсіби жұмыстарға арналмағандығына аудартамыз. Құралды тағайындау бойынша қолданбау кепілдікті жөндеуден бас тартудың негіздемесі болып табылады.



Қауіпті жағдайлардың туындауын болдырмау үшін бұйымды пайдалану алдында осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың барлық тармақтарымен танысу ұсынылады.



Таңбаламадағы аталған белгі бұйымда қосарлы оқшаулағыштың болуын білдіреді (сынып II MEMCT IEC 60745-1-2011), бұйымды жерге тұйықтау талап етілмейді.

**EAC Аталған бұйым келесі талаптарға сәйкес болады:**

Кедендік одақ Комиссиясының 2011 жылдың 18 қазанындағы №823 Шешімімен бекітілген TP TC010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Кедендік одақтың Техникалық регламентіне; Кедендік одақ Комиссиясының 2011 жылдың 9 желтоқсанындағы №879 Шешімімен бекітілген TP TC 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімлілігі туралы» Кедендік одақтың Техникалық регламентіне; Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы №113 шешімімен бекітілген «Электр және электронды өнімдерде қауіпті заттарды пайдалануды шектеу туралы» Кеден одағының TP

TC 037/2016 техникалық регламенттері. Кедендік одақ Комиссиясының 2011 жылдың 18 қазанындағы №823 Шешімімен бекітілген TP TC010/2011 «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» Кедендік одақтың Техникалық регламентіне; Кедендік одақ Комиссиясының 2011 жылдың 9 желтоқсанындағы №879 Шешімімен бекітілген TP TC 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімлілігі туралы» Кедендік одақтың Техникалық регламентіне; Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2016 жылғы 18 қазандағы №113 шешімімен бекітілген «Электр және электронды өнімдерде қауіпті заттарды пайдалануды шектеу туралы» Кеден одағының TP TC 037/2016 техникалық регламенттері.



Осы Пайдалану нұсқаулығы бұйымның ажырамас бөлігі болып табылады. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты бұйымның барлық қызметтік мерзімінің ішінде сақтаңыз.



Өнім тек үй-жайдың ішінде пайдалануға арналған. Өнімді жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, жылыту және т. б. сияқты қолайсыз атмосфералық және сыртқы әсерлердің әсеріне ұшыратуға тыйым салынады.

Сіз арқылы сатып алынған бұйым осы нұсқаулықтан оны пайдалануға әсер етпейтін кейбір айырмашылықтарға ие болуы мүмкін.



**2 ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР**

1 кесте

Параметр атауы	Мән
Номиналды кернеу	220-240 В ~
Номиналды жиілігі	50 Гц
Номиналды қуат тұтыну	1200 Вт
Соққы энергиясы	16 Дж
Минутына соққылар саны	3300 соққы / мин
Картриджінің түрі	SDS-MAX
Қуат сымның ұзындығы	5 м
Қауіпсіздік класы	II класс
IP қорғау класы	32
Жалпы өлшемдері	48.5 x 10 X 24 см
Салмағы	6 кг
Қоршаған орта температурасы / сақтау және тасымалдау кезіндегі ылғалдылық	+ 1 °C ... + 40 °C / ≤ 80 %
Қоршаған орта температурасы / пайдалану кезіндегі ылғалдылық	+5 °C ... + 50 °C / ≤ 80 %

**Шүдіріл сипаттамалары**

2 кесте

Параметр атауы	Мән
Шу	LpA = 101,6 dB(A), KpA = 2,26 dB LwA = 102,5 dB(A), KwA = 2,26 dB
Діріл	ah = 5,21 м/с <sup>2</sup> , K = 1,5 м/с <sup>2</sup>

**3 ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ**

3 кесте

Атауы	Саны
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1 дана
Ұрғыш балға	1 дана
Қосымша алынбалы тұтқа	1 дана
Қашау	1 дана
Сүңгі	1 дана
Майға арналған ыдыс	1 дана
Кілті	1 дана
Пластик кейс	1 дана

**4 ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ**

**Бұйымның қауіпсіз және тұрақты жұмысына келесі шарттарды сақтау кезінде ғана кепілдік беріледі:**

4.1 Электр құралын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта аталғандардан басқа мақсаттар үшін қолданбау керек. Бұйымды пайдалану, қызмет көрсету және сақтау осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қатаң сәйкес жүргізілуі керек.

4.2 Электр құралы физикалық, сенсорлық немесе ойлау қабілеттері төмендеген немесе оларда өмірлік тәжірибе мен білімдері болмаса, немесе егер олар қарауда болмаса немесе оларға олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғалар арқылы құралды қолдану жөніндегі нұсқамалық жүргізілмесе, тұлғалармен балаларды қоса алғанда) қолданылуға арналмаған. Балалардың электр құралымен ойнауына жол бермеу үшін қарауда болулары керек. Жануарлардың электр құралына жанасуларына жол бермеңіз. Жұмыс аймағында балалардың, жануарлардың немесе бөгде тұлғалардың болуларына жол бермеңіз.

4.3 Егер ол тіпті электр желісінен ажыратылған болса да, балалаарға электр құралымен жанасуларына рұқсат бермеңіз.

4.4 Электр құралын немесе оның жекелей бөліктерін суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. 4.5 Электр құралын егер жану немесе жарылыс қаупі бар болса, мәселен тез тұтанатын сұйықтықтардың немесе газдардың жанында қолданбаңыз.

4.6 Электр құралын тек оның тұтқасынан (немесе табанынан) ұстап қана жылжытыңыз, бұл ретте саусақты ажыратқышта ұстауға тыйым салынады. Электр құралын оның желілік кабелінен ұстай отырып жылжытуға тыйым салынады.

4.7 Электр құралын іске қосулы күйде немесе оның электр желісіне қосылулы жағдайда жылжытпаңыз.

4.8 Жұмысты бастаудың алдында қуат беру параметрлерінің электр құралында және осы нұсқаулықта аталған параметрлерге сәйкес келетіндіктеріне көз жеткізіп алыңыз.

4.9 Электр құралын желіге Сіздің ажыратқыштың СӨНД күйде тұрғандығына көзіңіз жеткеннен кейін ғана қосыңыз.

4.10 Электр құралымен жұмыс кезінде жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз. Қажет болған жағдайда респираторды, арнайы қолғаптарды және құлаққаптарды қолданыңыз.

4.11 Электр құралымен жұмыс кезінде ешқандай бөліктері электр құралымен және өңделуші дайындамамен/материалмен жанаспайтындай етіп қолайлы киімді кию ұсынылады. Сонымен бірге сізде жұмыске кедергі бола алатын немесе қажетсіз салдарларды шақыра алатын ештеңенің жоқтығына көз жеткізіңіз.

4.12 Ажыратқышты басудың алдында жұмыс құралының (бұрғы, сақа, кесуші төсем, кесуші диск және т.б.) дұрыс орнатылғанына және патронға сенімді қысылғанына, өңделуші дайындаманың/материалдың жеткілікті тұрақты екендігіне немесе бекітілгендігіне, ал қосымша алынбалы тұтқаның (бар

болған кезде) дұрыс орнатылғанына көз жеткізіп алыңыз.

4.13 Жұмыс кезінде электр құралын екі қолмен берік ұстаңыз.

4.14 Бүлінген немесе қатты тозған жұмыс құралын (бұрғы, сақа, кесуші төсем, кесуші диск және т.б.) қолданбаңыз.

4.15 Электр құралын стационарлық (мәселен, қысқыштарға басу) орнатуға тыйым салынады.

4.16 Іске қосылған немесе қуат беру көзіне қосылған электр құралын қараусыз қалдырмаңыз!

4.17 Өңделуші дайындамадан/материалдан басқа ештеңе электр құралының айналушы бөліктеріне жанаспауы керек.

4.18 Электр құралының желдеткіш саңылауларын бірдеңемен жабуға немесе ауаның кіруін шектеуге тыйым салынады.

4.19 Қуат беруші баусымның электр құралымен өңделуші дайындамаға/материалға немесе оны бүлдіруі мүмкін бөгде заттарға тиіп кетуін болдырмаңыз.

4.20 Қуат беру баусымын қызу көздерінен, майдан және өткір заттардан алыс ұстаңыз.

4.21 Электр құралымен жұмыс кезінде жерге тұйықталған заттармен (мәселен, құбыржолдарға, жылыту радиаторларына, газ плиталарына, тоңазытқышқа) жанаспаңыз.

4.22 Электр құралымен ылғалды ортада жұмыс істеу қажет болған кезде қорғаныс ажырату құрылғысымен жабдықталған қуат беру көзін қолданыңыз.

4.23 Электр құралын қуат беру көзінен ажырату кезінде қуат беру баусымының істікшесінен ұстаңыз.

4.24 Сіз оны қолданбаған кезде, техникалық немесе сервистік қызмет көрсетудің алдында, сонымен бірге:

- кез келген ақаулықтар жағдайында;
- жұмыс құралын орнатудың / уыстырудың алдында;
- тазалаудың алдында;
- қосымша тұтқаны орнатудың/шешудің алдында;

- жұмыс аяқталғаннан кейін әрдайым қуат беру көзінен ажыратып отырыңыз.

4.25 Электр құралын оның құлауынан кейін немесе егер онда бүлінудің қандай да болмасын іздері байқалса, сонымен бірге қуат беру баусымы мен істікшесі бүлінген кезде қолданбаңыз. Электр құралын диагностикалау немесе жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

4.26 Қуат беру баусымы бүлінген кезде қауіптерге жол бермеу үшін оны дайындаушы немесе оның агенті, немесе аналогтік біліктік тұлға ауыстыруы керек. Қуат беру баусымын ауыстыру қолданыстағы тарифқа сай авторландырылған сервистік орталыққа жүзеге асырылады.

4.27 Жұмыс және техқызмет көрсету осы нұсқаулыққа қатаң сәйкес және тұрақты жүргізулері керек. Техникалық қызмет көрсету кезінде электр құралын немесе қуат беру баусымын бүлдіруі мүмкін тазартқыш құралдарды (бензин және басқа да агрессивтік заттар) қолдануға тыйым салынады.

4.28 Электр құралын қате ұстау оның істен шығуына, қолданушыға немесе оның мүлігіне зиян келтіруге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Бұйымды алкогольдік немесе есірткілік масса шарттарында, немесе ақиқатты объективт қабылдауға кедергі жасашуы басқа да шарттарда қолдануға, және құралды осындай күйдегі немесе шарттардағы адамдарға сеніп тапсыруға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!**

**ЕСКЕРТУ!** Термоқосқыштың бастапқы күйге кездейсоқ қайтуын шақыратын қауіптерге жол бермеу үшін бұйымға таймер секілді сыртқы құрылғы арқылы қуат берілмеуі керек, немесе қуат берудің тұрақты іске қосылуы және сөндірілуі орын алатын тізбекпен қосылған болмауы керек.

**HA3AP AУДАPЫҢЫЗ!** Аталған пайдалану жөніндегі нұсқаулық осы құралды пайдалану процесінде орын алуы мүмкін штаттық емес оқиғалардың барлығын бірдей қарастыра алмайды. Қолданушы электр құралымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы шараларын өздігінен сақтауы керек!


### **БҰЙЫММЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ**

Бұйымды бірінші рет қолданудың алдында оны жүктемесіз іске қосыңыз және бірнеше минут жұмыс істеткізіңіз. Егер осы уақыт ішінде Сіз бөгде шу еститін болсаңыз, жоғары дірілді немесе қатты бөгде иісті сезінсеңіз, бұйымды сөндіріңіз, желілік кабелді электр желісінен ажыратыңыз және диагностикалау және жөндеу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Өнімнің техникалық күрделілігіне байланысты шекті күй критерийлерін пайдаланушы өз бетінше анықтай алмайды. Өнімнің ақаулары анық немесе күдікті болған жағдайда, өнімді диагностикалау және жөндеу бойынша қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Электр құралының немесе жұмыс дискісінің қызып кетуіне жол бермеу үшін салқындау үшін жеткілікті жұмыста үзілістер жасап отыру керек.

## 5 АТҚАРЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕР



- |  |                             |
|--|-----------------------------|
| 1. Саптамаларға арналған патронның саңылауы      | 8. Негізгі тұтқа            |
| 2. Патрон  | 9. Қосымша тұтқа            |
| 3. Редуктордың корпусы                           | 10. Желдеткіш саңылаулар    |
| 4. Редукторды майлауға арналған бөліктің қақпағы | 11. Қозғалтқыш корпусы      |
| 5. Діріл тоқтатқыш жүйе                          | 12. Шөткеұстағыштың қақпағы |
| 6. Ажыратқыш                                     | 13. Қуат сымы               |
| 7. Бекіту ажыратқыш                              |                             |

## 6 ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДАУ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жұмысқа дайындау, техникалық қызмет көрсету, жұмыс құралдарын ауыстыру жөніндегі кез келген операцияларды орындау алдында өнімнің ажыратылғанына және қоректендіруші желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

6.1.1 Электр құралын қуат беруші желіге қосудың алдында желі параметрлерінің осы нұқсаулықта және электр құралында көрсетілген талаптарға жауап беретіндіктеріне көз жеткізіп алыңыз.

6.1.2 Электр құралының және желілік кабелдің бүтіндігін тексеріңіз.

6.1.3 Ұзартқышты қолдану кезінде оның электр құралының қуатына есептелгендігіне көз жеткізіңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Саптамаларды, қосымша тұтқаны орнату/шығару бойынша төменде аталған жұмыстардың кез келгенін жүргізудің алдында электр құралын қуат беруші желіден ажыратыңыз.

### 6.2 Саптамаларды орындау

Саптамаларды (1) бекіту үшін ұрғыш балғаның аталған үлгісінде HEX 30 мм ішкі алты қырлы кілт қолданылады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Кез келген саптаманы патронға орнатудың алдында саптамалардың сағағына май жағу қажет. Саптамаларды орнату үшін патронның бекіткішін (2) тартыңыз және оны 180 градусқа бұраңыз.

Саптаманы орнатыңыз және бекіткішті бастапқы қалыпқа қайтарыңыз. Дұрыс орнатылғанына және саптамалардың сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

### 6.3 Қосымша тұтқа

Жұмыс кезінде әрдайым қосымша тұтқаны қолданыңыз. Қосымша тұтқа редуктор оқпанының айналасында 360

градусқа айналу мүмкіндігіне ие болады және қолайлы күйде бекітіле алады. Ол үшін қысқышты (4) әлсіретіңіз, тұтқаның күйін реттеңіз, қысқышты қайта тартыңыз.

## 7 ЖҰМЫС ТӨРТБІ

Бұйым +1°C-тан +35°C-қа дейінгі қоршағанорта температурасы кезінде қоңыржайклиматта және 80%-дан аспайтын ауаныңсалыстырмалы ылғалдылығы кезіндепайдалануға арналған.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

#### 7.1 Жұмыстыбастаудың алдында

7.1.1 Ажыратқышты СӨНД Күйіндетұрғандығына, қуат беру кезіпараметрлерінің осы пайдаланужөніндегі нұсқаулықта және электрқұралында көрсетілген талаптарғасәйкес келетіндіктеріне, соныменбірге қолданылушы ұзартқыштың оғанқосылған электр құралының қуатынаесептелгеніне көз жеткізіп алыңыз.

7.1.2 Электр құралының және желіліккабелдің бүтіндігін, барлық түйіндердіңдұрыс құрастырылуы мен сенімдібекітілгендіктерін тексеріңіз.

#### 7.2 Электр құралын іске қосу / ажырату

7.2.1 Құралды іске қосу үшін ажыратқышты (6) басыңыз.

7.2.2 Ұзақ мерзімге созылатын жұмыс кезінде ажыратқышты басыңыз және оны қосылған күйде бекіткіштің (7) көмегімен бекітіңіз.

7.2.3 Электр құралын ажырату үшін ажыратқыштың батырмасын түсіріңіз. Егер ажыратқыштың батырмасы іске қосылған күйде бекітілсі, қайта басыңыз және оны жылдам босатыңыз. Құрал ажыратылады. Желілік кабелдің істікшесін желіден ажыратыңыз.

### 7.3 Ұңғылау

7.3.1 Саптаманы орнатыңыз және оны қажетті күйге теңшеңіз. Құралды қуат беруші желіге қосыңыз. Ұрғыш балғаны қос тұтқасынан берік ұстай отырып оны іске қосыңыз. Қашауды қажетті орынға бағыттаңыз және аз күш салумен ұңғылауға кірісіңіз.

7.3.2 Құралға артық күш түсірмеу керек, себебі бұл ұңғылаудың жылдамдығы мен сапасын арттырмайды, құралдың қызметтік мерзімін қысқартады.

## 8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

8.1 Жұмыс аяқталғаннан кейін бұйымды шаң мен ластанулардан тазалауды жүргізіп отыру қажет. Желдеткіш саңылауларға ерекше назар аудару қажет. Корпусты тазалау үшін бұйымның металл бөліктерінде тотықтардың түзілуіне немесе пластик беттің бүлінуіне әкеліп соқтыруы мүмкін тазартқыш құралдарды қолданбау керек. Бұйымның корпусын дымқыл жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіңіз.

8.2 Пайдалану процесінде көмір шөткелері тозуға бейім болады. Көмір шөткелерін өз уақытында ауыстырып отыру электр құралының қызметтік мерзімін айтарлықтай ұзартады. Оларды ауыстыру үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

8.3 Барлық бұрандалардың сенімді бекітілулерін тұрақты тексеріп отырыңыз. Әлсіреген бұранда табылған кезде оны тез арада тартып бекітіңіз. Кері жағдайда Сіз өзіңізді жарақат алу қаупіне ұшыратыңыз.

## 9 САҚТАУ ШАРТТАРЫ

9.1 Жуғышты табиғи желдетілетін жабық бөлмеде, балаларға қолжетімді емес орында, 0°C-тан +40°C-қа дейінгі қоршаған орта температурасында және 80%-ға дейінгі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы шарттарында сақтау керек. Ұзақ мерзімді сақтау жағдайында түпнұсқалық қаптаманы пайдалану керек.

9.2 Өнімді тасымалдау, тиеу, түсіру және сақтау кезінде нұсқаулықта көрсетілгеннен басқа келесі талаптарды сақтау қажет:

- бұйымның бұзылуына және/немесе оның қаптамасының бүтіндігінің бұзылуына әкеп соқтыратын өнімді елеулі механикалық кернеуге ұшыратуға тыйым салынады;

- өнімге немесе оның қаптамасына сумен, қармен және басқа да жауын-шашынмен, сондай-ақ күн және басқа радиациямен соқтығысудан аулақ болу керек.

9.3 Өнімнің жарамдылық мерзімі - 20 жыл, батареяның қызмет ету мерзімі - 9.1 және 9.2-тармақтарда көрсетілген шарттарды сақтай отырып, 5 жыл (бар болса).

9.4 Зақым келтірмеу үшін өнімді тек түпнұсқалық қаптамасында тасымалдаңыз. Өнімді төмен температурада тасымалдағаннан немесе сақтағаннан кейін оны бөлме температурасында кемінде екі сағат бойы ұстау қажет.

9.5 Бұрын пайданудан болған бұйымды тасымалдаудың немесе теріс температурада сақтауға берудің алдында бұйымда судың жоқтығына көз жеткізу қажет. Бұйымның барлық беттері құрғақ болулары керек.

9.6 Бұйымды температураның елеулі айырмаларынан және күннің тікелей сәулелерінің әсерінен қорғаңыз.

9.7 Бұйымды қате кәдеге жарату қоршаған ортаға орны толмас зиян келтіреді. Ақаулы бұйымды, сонымен бірге қуат берудің пайдаланылған

элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз. Осы мақсаттар үшін мамандандырылған кәдеге жарту бекетіне жүгініңіз. Сіз тұрмыстық бұйымдарды, жабдықтарды және қуат берудің пайдаланылған элементтерін қабылдау бекеттерінің мекенжайларын Сіз тұратын елді мекендегі муниципалдық қызметтерден ала аласыз.

## 10 ҚЫЗМЕТТІК МЕРЗІМІ

Аталған бұйым осы нұсқаулықта көрсетілген барлық талаптарды сақтау кезінде кем дегенде 3 жыл қызмет етуі керек.

Дайындаушы сатып алушылардың назарын бұйымды тұрмыстық мұқтаждықтардың аясында пайдалану және осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген қолдану ережелерінің сақталуы кезінде бұйымның қызметтік мерзімінің осы нұсқаулықта көрсетілгеннен айтарлықтай асып кететіндігіне аударады.

Дайындаушы өзіне бұйымның пайдаланушылық сапасын нашарлатпайтын құрылымы мен жиынтықтылауына өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

## 11 ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Егер құрал істен шықса, оны өздігіңізден жөндеуге тырыспаңыз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну үзілді-кесілді ұсынылады.

## 12 ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

**Сіздің назарыңызды кепілдікті мерзімінің ішінде келесі шарттардың сақталулары кезінде бұйымның тегін сервистік қызмет көрсетуге немесе жөндеуге қабылданатын болатындығына аударамыз:**

Кепілдікті міндеттемелер онда сатылған күні, сериялық нөмірі, сатушы ұйымның мөрі (мөртабаны), сатушының қолтаңбасы көрсетілумен кепілдік талоны дұрыс толтырылған кезде жүзеге асырылады. Сізде дұрыс толтырылған кепілдік талоны болмаған кезде біз Сіздің аталған бұйымның сапасы бойынша талаптарыңыздан бас тартуға мәжбүр боламыз. Түсінбеушіліктерге жол бермеу үшін Сізден бұйыммен жұмысты бастаудың алдында пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен мұқият танысып шығуды өтінеміз.

Сіздің назарыңызды бұйымның тек тұрмыстық тағайындалуына аударамыз. Кепілдік шарттары иегердің үйінде кезеңдік техникалық қызмет көрсетуді қарастырмайды.

Осы кепілдікті шарттардың құқықтық негіздемесі Ресей Федерациясының қолданыстағы заңнамасы, әсіресе, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Федералдық заңы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі болып табылады. Бұйымның кепілдікті мерзімі 36 айды. Бұл мерзім бөлшек желі арқылы сатылған күнінен бастап саналады. Біздің кепілдікті міндеттемелер кепілдікті мерзімнің ішінде анықталған, және өндірістік, технологиялық және конструктивтік, яғни, дайындаушы-компанияның кінәсі бойынша жол берілген ақаулармен шарттас ақаулықтарға ғана таралады.



## 12.1 Кепілдікті міндеттемелер келесілерге таралмайды:

12.1.1 Келесілердің нәтижесінде орын алған ақаулықтарға;

- қолданушы арқылы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы нұсқамалардың сақталмауы;

- сыртқы немесе кез келген басқа әсермен шақырылған механикалық бүлінудерге;

- бұйымды тағайындалуы бойынша қолданбауға;

- бұйымға жаңбыр, қар, жоғары ылғалдылық, қызу, агрессивтік орталар, электр желісінің қуат беруші параметрлерінің пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкессіздігі секілді жағымсыз атмосфералық және сыртқы әсерлерге;

- аталған үлгінің технологиялық құрылымында қарастырылмаған, өндірушімен ұсынылмаған немесе мақұлданбаған керек-жарақтардың, шығын материалдарының және қосалқы бөлшектердің қолданылуына;

- бұйымның ішіне бөгде заттардың ішіне кіріп кетуіне немесе желдеткіш саңылаулардың шаң және т.б. секілді үлкен мөлшердегі қалдықтармен бітеліп қалуларына.

12.1.2 Уәкілетті емес тұлғалармен ашуға, жөндеуге немесе түрлендіруге ұшыраған бұйымға.

12.1.3 Келесідей бұйымды лайықсыз қолданудың немесе сақтаудың салдарынан орын алған ақаулықтарға:

- Бұйымның металл элементтерінде тотықтардың болуы;

- Желілік кабелдің үзілулері мен кесіктері;

-Сызаттар, жарықшақтар, корпустың, бұйымның пластик бөліктерінің күшті үйкелістері және бас.

12.1.4 Бұйымның асқын жүктелуінің нәтижесінде электрлі қозғалтқыштың немесе басқа да түйіндер мен бөлшектердің істен шығуына әкеліп соқтырған ақаулықтарға;

12.1.6 Мезгілдік ауыстырып отыруға жататын шығын материалдарына, алынбалы бөлшектерге, түйіндерге, сонымен бірге электр құралымен жиынтықта жеткізілетін керек-жарақтар мен толымдаушыларға.

12.1.7 Асқын жүктелудің мінсіз белгілеріне жататындар:

- бұйымның бөлшектері мен түйіндерінің деформациялануы мен балқуы;

- ротор мен қозғалтқыш статорының бір уақытта істен шығуы;

- сымдардың оқшаулағыштарының қараюы немесе күйі.

Сіздің назарыңызды бұйымды сервистік орталыққа жеткізу соңғы тұтынушы (иегері) арқылы немесе оның есебінен жүзеге асырылатындығына аударамыз. Құралға кепілдікті жағдайды орнату бойынша техникалық куәландыру тек авторландырылған сервистік орталықта жүргізіледі.

**Құралдың қызметтік мерзімі 3 жылды құрайды.**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Бұйымды сатып алу кезінде жиынтықтылығы және жарамдылығы, сонымен бірге кепілдік талонының дұрыс толтырылуын тексеріңіз.

Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесесайтынан білуге болады **ставр.pdf, [www.stavr-tools.ru](http://www.stavr-tools.ru)**



**13 ӨЗГЕ АҚПАРАТ**

**Импорттаушы:** «МЕГАПОЛИС» ЖШҚ.

**Мекенжай:** 432048, Ресей Федерациясы, Ульяновск облысы, қ.о. Ульяновск қаласы, Ульяновск қ., Локомотивная көш., ғим.14А.

**Телефон:** +78422324242

**Электрондық поштаның мекенжайы:**  
mail@simbirsk-crown.ru

**Дайындаушы:** Чжэцзян Гуангтуо Импорт Энд Экспорт Ко., Лтд.

**Мекен-жай:** Рум 1202, Ронгтонг Бизнес Центре, Джаксинг, Чжэцзян, Қытай.  
ҚХР жасалған.

**Дайындалған күні сериялық нөмірде көрсетілген. Дайындаушының стандартына сәйкес сериялық нөмір келесілерден тұрады: тапсырыстың нөмірі / дайындалған айы мен жылы / бұйымның реттік нөмірі.**



Срок гарантии 36 месяцев  
Кепілдік мерзімі 36 ай

# СТАВР

## ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

### Уважаемый покупатель!

Благодарим Вас за выбор торговой марки СТАВР. Мы уверены в качестве нашей продукции и всегда стремимся улучшить его. В случае поломки, готовы обеспечить Вас гарантийным обслуживанием в сервисных мастерских. Список сервисных центров можно узнать у продавца или на сайте: [stavr-tools.ru](http://stavr-tools.ru) а также по QR-коду. Телефон горячей линии: **8-804-333-51-52** (звонок по РФ бесплатный)



### Құрметті сатып алушы!

Сізге СТАВР сауда таңбасын таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз. Біз өнімimiziдің сапасына сенімдіміз және ерқашан оны жақсартуға тырысамыз. Бұзылған жағдайда, Сіздің сервистік шеберханаларда кепілдікті қызмет көрсетумен қамтамасыз етуге дайынбыз.

Сервистік орталықтардың тізімін сатушыдан немесе [stavr-tools.ru](http://stavr-tools.ru) сайтынан, сондай-ақ QR-код бойынша білуге болады. Жедел желі телефоны: **8-804-333-51-52** (РФ бойынша қоңырау соғу тегін)

[stavr-tools.ru](http://stavr-tools.ru)

### Наименование изделия

Бұйымның атауы

### Модель

Моделі

### Серийный номер

Сериялық нөмірі

### Торговая организация

Сауда ұйымы

### Дата продажи

Сатылған күні

### Молоток отбойный электрический

электр ұрғыш балғасы тұрмыстық

День / Күн

Месяц / Ай

Год / Жыл

Проверено в моем присутствии, претензий к внешнему виду и комплектации не имею, с правилами эксплуатации и условиями гарантии ознакомлен.

Тексерілді, менің қатысуымен наразылық сыртқы түрі және комплектация жоқ пайдалану ережелерімен және шарттарымен кепілдік таныстым.

Печать продавца  
Сатушының мері

Подпись покупателя / Сатып алушының қолы

## СВЕДЕНИЯ О РЕМОНТЕ / ЖӨНДЕУ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТ

№	Сервис-центр Сервис-орталығы	Дата приема Қабылдау күні	Дата выдачи Берілген күні	Подпись мастера Қолы шебер
1				
2				
3				

Гарантийные условия и дополнительную информацию вы можете найти в руководстве по эксплуатации изделия. Кепілдік шарттары және қосымша ақпаратты таба аласыз пайдалану жөніндегі басшылықта бұйымдар.

